



Маңғыстау облысындағы субсидиялауға жататын 2012 жылға арналған әлеуметтік мәні бар залалды маршруттар тізбесін бекіту туралы

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2012 жылғы 25 мамырдағы № 4/34 шешімі. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 25 маусымда № 2135 тіркелді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Әлеуметтік мәні бар жолаушылар тасымалдауларын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың залалдарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидасын бекіту туралы» 2011 жылғы 5 қыркүйектегі № 1014 қаулысының 11-тармағына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ**
Е Т Т І :

1. Маңғыстау облысындағы субсидиялауға жататын 2012 жылға арналған әлеуметтік мәні бар залалды маршруттар тізбесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес б е к і т і л с і н .

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Ә. Әбжаппаров

*Облыстық
мәслихат хатшысы
Б. Жүсіпов*

« К Е Л І С І Л Д І »

«Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесінің бастығы
С . М а қ т а н о в
2 5 м а м ы р 2 0 1 2 ж ы л

Облыстық мәслихаттың
2012 жылғы 25 мамырдағы
№ 4/34 шешіміне қосымша

**Маңғыстау облысындағы субсидиялауға жататын
2012 жылғы әлеуметтік мәні бар залалды
маршруттарының тізбесі**

1. «Ақтау – Жетібай – Ақтау» маршруты
2. «Ақтау – Құрық – Ақтау» маршруты
3. «Ақтау – Форт Шевченко – Ақтау» маршруты

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК